

# ЖАС МАМАН БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШАДЫ

Жамбыл облысы кәсіпорындарын білікті кадрлармен қамтамасыз ететін кәсіптік және техникалық білім саласы 80 жыл ішінде талай тарихи белестерден өтіп, бірнеше күрделі кезеңдерді басынан кешірді.

**А**талмыш білім беру жүйесі бәскеге қабілетті өзгеріп отырған талаптарына және ел экономикасының қажеттіліктеріне сәйкес кадрларды дайындауды қамтамасыз етеді.

**Облыста техникалық және кәсіптік білім беруді 23 700 студенті бар 46 колледж жүзеге асырады.**

Олардың 58%-ы мемлекеттік колледждерде оқып жүр. Ал, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 12 795 (53%) студент білім алады.

Соңғы 3 жылда облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде контингент өсімі байқалмайды (2017 жылы – 26890, 2018 жылы – 27396, 2019 жылы – 24609).

Облыстағы 6 колледжде студенттер саны 110-нан 198-ге дейін. Контингенттің аздығына байланысты колледж ғимараттарын толығымен ұстауға тиімсіз.

Осыған орай, соңғы 3 жылда қайталанатын 5 колледжде 10 мамандық (бастауыш білім беру, есеп және аудит, тігін өндірісі) тоқтатылды. Сонымен қатар 9 колледжде 35 лицензия қосымшасы (оқытылмайтын, контингенті жоқ) кері қайтарылды.

Сәйкесінше, кезең-кезеңмен колледждерді оңтайландыру жұмыстары да жүргізілді. Атап айтатын болсақ, 2019 жылы №14 Талас, №18 Ақыртөбе колледждерінде оңтайландыру жұмысы жүргізіліп, Құлан агротехникалық колледжінде аграрлық саладағы базалық колледж құру үшін 636 млн теңге бөлінді. Заманауи үлгідегі қондырғылар орнатылып, жылыжай, мал дәрігерлік клиникасы ашылды.

**Сонымен қатар, Жұмыспен қамту жол картасы Бағдарламасы аясында 5 колледжге 1,4 млрд теңге қарастырылып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.**

Биылғы жылдан бастап Тұңғыш президент Н. Назарбаевтың Жастар жылының ашылу салтанатында жарияланған тапсырмасына сәйкес «Жас маман» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба «Жастар – ел тірегі» ұлттық жобасының құрамына кіреді. «Жас маман» жобасына сәйкес, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлау талап етілетін «100» және жаңа кәсіптер даярлауды көздейтін «100/200» қағидаты бойынша жобаны облыстағы 11 колледж жүзеге асыруда.

Бұл жобаның мақсаты еліміздегі үздік 180 колледжді сұранысқа ие 100 мамандық бойынша материалдық техникамен жабдықтау, халықаралық стандарттарды енгізу болып табылады.

Жас маман жобасы шеңберінде 2020 жылы облыстың 5 колледжіне (Жамбыл политехникалық жоғары колледжі, Қаратау құрылыс-техникалық колледжі, Тараз сервис және технология колледжі, Теміржол көлігі және коммуникация колледжі) қызмет көрсету, техникалық, технологиялық, теміржол саласына құрал-жабдықтар алуға республикалық бюджеттен 1,6 млрд қаржы бөлінді.

**Аталған колледждерде WorldSkills стандарттарына сай чемпионатқа қатысушылар даярлайтын оқу-жаттығу лагері, құзыреттілік орталықтары құрылды.**



Жоба құзіреттілік орталықтары үздік әлемдік стандарттар мен тәжірибеге, соның ішінде WorldSkills стандарттарына сай еңбек нарығына жақсы дайындалған кадрларды шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, құзіреттілік орталықтарының базасында жастарды инновациялық және стартап-жобаларға тартуға болады, бұл қазақстандық жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік береді.

«Жас маман» жобасы 2021 жылы облыста 6 колледжде (1,9 млрд) жалғасын табатын болады.

**А. Ж. ЖАЙЛЫШЕВА,  
Жамбыл облысы әкімдігінің  
Білім басқармасының  
техникалық және кәсіптік білім  
беру бөлімінің басшысы**

## АННОТАЦИЯ ○

Статья посвящена теме реализации государственных программ в сфере профессионального и технического образования, обеспечивающей предприятия области квалифицированными кадрами, поэтапной работе по оптимизации колледжей, достижениях системы ТипО области.